

Бекітемін
Мектеп директоры
Л.Н.Мырзакасымова



«Тілім менің - мақтанышым»

(мерекелік концерттік бағдарлама сценарийі)

2024-2025 оқу жыл

Іс-шараның мақсаты:

Оқушыларды ұстаздарды құрметтеуге, сыйлауға үйрету, ұстаз мамандығының қыры мен сырын түсіндіру, мұғалім еңбегін бағалай білуге үйрету, ұстаздардың кәсіби мерекесін ұлықтау.

Іс-шараның өткізілетін орны: Мектептің мәжіліс залы

Күні: 4.10.2024ж

Уақыты: 13:00

Іс-шараға қатысушы қонақтар: Мектеп әкімшілігі, мұғалімдер.

Фанфар:

1)(Мерекелік іс-шара : Ұстазым әнімен басталады.)Жанел 8 б сынып.

1-жүргізуші:

Армысыздарардақты да аяулы ұстаздар!

2-жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті қонақтар, керім ұстаздар

1-жүргізуші:

«Ұстаз» деген сөз қазақ баласы үшін қашан да қасиетті, қадірлі болған, сондықтанда бүгінгі мерекелік кешімізді, саналы ғұмырының сәулелі сәттерін ұрпақ тәрбиесіне, біліміне бар күш жігерлерін арнап жүрген мектебіміздің ұстаздарына арнаймыз. Ұстаздар күніне арналған мерекелік іс-шарамызға қош келіпсіздер! Төл мерекелеріңіз құтты болсын!

2-жүргізуші:

2)Ұстаз ... Қандай қасиетті сөз! Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегіндегі қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса,оның бірі – Ұстаз. Сондықтанда сіздерге арналған **1сынып оқушылары мен 11 сынып оқушыларының өнерлерін** қабыл алыңыздар!

Сахнада шетінде тұрып жүргізуші: Бітіруші түлектердің қимастық сәтінен есте қалар естеліктеріне назар аударыңыздар.

3)Ән: Бастауыш сынып оқушысы

4) 11 сынып оқушыларының жаттаулары

1-жүргізуші:

Ұстаз жолы қиынырақ басқадан,

Сырлары мол әлі сыртқа шашпаған

Шаршаса да осы жолдың бойында

Қандай жақсы шын бақытын тапса адам

2-жүргізуші:

Ұстаз деген - жарық күні ғаламның,

Ұстаз деген - анасы ол адамның .

Бүкіл әлем мойындайды еңбегін,

Сен де одан адам болып жаралдың

5)Сахна төріне өз ықыластарымен ұстаздарымызға керемет көңіл-күй сылайық деп флешмоб биін ұйымдастырған 9сынып оқушыларының өнерін тамашалаңыздар.

(Керемет көңіл-күй болсын)

6) 9-сынып оқушыларының тақпақтары

1-жүргізуші:

Ұстаз - ұлағатты есім! Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жаксы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт – бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор.

2-жүргізуші:

Ұрпақ тәрбиесі - ұстазға байланысты. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей өнегелі ұстаздан өнерелі шәкірт шығатыны сөзсіз.

7)Өз өнерлерін көрсетуге, сіздерге дем беруге дайындалған 8 сынып оқушыларын ортаға шақырамыз.

ӘН: Балжан 11 сынып (Өлеңнің бір куплетінен кейін 11 сынып жігіттері ұстаздарды вальс биіне шақырады.)

1-жүргізуші:

Ұстаз!Осы бір сөздің өзінде қанша мән - мағына, қасиетті ұғым жатыр. Ұстаз алдынан өтпейтін ешкім жоқ. Жүрексіз өмір болмаса, мұғалімсіз білімнің, тәрбиенің іске аспайтыны белгілі. Небір данышпан адамдар,қарапайым еңбеккерлер, тіпті арман қуған жеткіншектер де бәрі бір адамға қарыздар.

2-жүргізуші:

Иә, ол ұстаз! Ұстазсыз өмірдің нақты тұтқасын ұстау мүмкін емес. Адамды тәрбиелеп, оны азамат атандырудың өзі бір үлкен күш,сондықтан да ұстаздың еңбегі- ұлы еңбек.

Бүгінгі мерекелік кешімізге арнайы уақыт тауып келген ұстаздарымызға рақмет айтамыз. Ерекше ілтипатпен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Бақыт Әлімханұлына сөз береміз.